

ӨОЖ 327”71”

Л.Т. Исова*, С.Б. Джуматаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: laura_71@list.ru

Дүниежүзілік сауда ұйымындағы Қырғызстан мүшелігі мүмкіндіктер мен қауіптер: Орталық Азиядағы геоэкономикалық қауіпсіздік алғышарттарына тәжірибе ретінде

Аңдатпа. Бұл мақалада Орталық Азиядағы геоэкономикалық қауіпсіздік алғышарттарына тәжірибе ретінде Дүниежүзілік сауда ұйымындағы Қырғызстан мүшелігінің мүмкіндіктері мен қауіптері қаралады. Әлемдік және аймақтық шаруашылық кеңістіктегі Қырғыз Республикасының интеграцияға, шетел инвестициясына тиімді экономиканы қалыптастыру арқылы тартылуы, сонымен қатар Қырғызстанның ДСҰ-ға өтуінің де ескерілу ақуалы, экономикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілу талаптарын да қатар алып жүруі талап етіледі. Осы талаптар аталмыш мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының ғана емес, бүтін аймақтың да қауіпсіздігінің маңызды бағыты.

Түйін сөздер: Дүниежүзілік сауда ұйымы, Орталық Азия, геосаясат, геоэкономика, қауіпсіздік, реформа, инфляция, инфрақұрылым, интеграция, импорт, экспорт, ТМД, Кедендік одағы, ЕурАзЭҚ.

Орталық Азия секілді әлемнің геосаяси және геоэкономикалық мүдделері тоғысқан аймақтың табиғи мүмкіндіктері, оның былайғы әлемдік нарыққа қадамы, аймақтағы бес мемлекеттің өзіндік амал шарттарымен де астасып, аймақ қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәселелердің күрделі мазмұнын толықтыруда. Соның ішінде Дүниежүзілік сауда ұйымындағы Қырғызстан мүшелігі мен оның бүгінгі болмысы төңірегіндегі көзқарастар. Қомақты энергетикалық және өзге табиғат ресурстарына ие, әлдеқайда сыйымды ішкі нарықтары, көлік артерияларына жақын болып келетін ТМД елдерінен ерекше, Қырғыз Республикасында тиісті шарттар мен ресурстары жоқ. Сол себептен, қырғыз экономикасының дамуы оның халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіне тізбекті интеграциялауынсыз мүмкін емес. Осы міндеттерді шешу көбінесе, сыртқы экономикалық ортаны сәттілікті реформалауға, елдің экспорттық әлеуетін жоғарылатуға және әлемдік нарықта ұлттық өнеркәсіп пен жеке кәсіпорындардың өздерінің бәсекелік ұстанымдарын қаншалықты жақсарту және шетелде жаңа нарық кескіндерін игеру қабілеттілігіне тәуелді болып келеді. Қырғыз

Республикасының сыртқы сауда қызметі ұлттық экономиканы дамытуда маңызды орын алады. Республиканың экспорттық мүмкіндіктерін жоғарылату мақсатында үкімет сыртқы сауданы либерализациялау және әлемдік экономикаға интеграциялау бағытын таңдаған болатын. Сыртқы сауданы либерализациялау саясаты, төмен импорттық тарифтерді сақтау және барлық экономикалық агенттер үшін тауарларды еркін экспорттау мен импорттау мүмкіндігі Қырғызстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруімен нығайтылған еді. Алайда сыртқы экономикалық дамудың аталмыш стратегиясы күтілген нәтижелерді алып келмеді. Мемлекеттің әлемдік саудаға интеграциясы әлі де шектеулі болып қалуда, қырғыз экспорты жағрапиясының, ДСҰ-ға қосылғанынан кейін, ТМД елдерінен алыс шетел елдеріне қарай қайта бағытталуы өңдеуші өнеркәсіп өнімінің экспорты үлесінің ұлғаюымен түсіндіріледі, Қырғызстанда экспортқа шығарылатын өнім баптары тауар өнімі өндірісінен ауылшаруашылық пен өндірістік шикізат өндірісі жағына қарай, бұл кезде бірқатар азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп атаулары бойынша өзінің

салыстырмалы артықшылығын жоғалтып, ауысты. Елде халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі байқалады. Осыған байланысты, Қырғызстанның ДСҰ-ға кіргенінен кейінгі либерализациялау саясаты мен елдің қол жеткізген нәтижелері арасындағы анық айырмашылықты түсіндіретін факторларды анықтау ерекше өзекті болып табылады.

Қырғызстанның ДСҰ-ға мүшелік етуі 1998 жылдың 20 желтоқсанынан басталды. Осы үдеріске шамамен 2,5 жылға созылған келіссөздер негіз болды. ДСҰ-ға қосылғаннан кейін Қырғызстан экономиканы терең дағдарыстан шығару үшін негіз болған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін экономикалық даму мен құқықтық базаның мүлдем жаңа үлгісін иеленді. Алайда бұл кезде Қырғызстан ДСҰ-ға ерте қосылудың барлық артықшылықтарын толық мөлшерде пайдалана алмады, экспорттық әлеуетті, инновациялық және инвестициялық тартымдылықты дамыту үшін ДСҰ-ның құралдарын іске қоса алмады.

Қырғызстанның ДСҰ-ға қатысты жылдам кіруі, ең бастапқы кезекте, Қырғызстанның ДСҰ-ға кіру кезінде, Қырғызстанда жеткілікті либералды сауда режимі қызмет еткенімен шартталды. Импорттық кедендік салымдардың орташа деңгейі сол уақытта 10%-дан төмен болды, Қырғызстан саудада экспорттық шектеулерді пайдаланбады. Ауылшаруашылығында субсидиялар тәжірибелі маңызсыз болды. Қызметтер секторы Қырғызстан үшін тез арадағы либерализациялауды және сыртқы капиталдар мен технологияларды тартуды талап еткен секторлардың біріне айналды.

Қырғыз Республикасы, ДСҰ-ның өзге мүшелдері сияқты, сыртқы сауданы реттейтін өзінің құқықтық және саяси режимін ДСҰ-ның келісімдеріне сәйкес келтіруі тиіс болатын. ҚР ДСҰ-ның талаптарына сәйкес келу үшін қажетті заңдар мен нормативтік актілердің үлкен бөлігін қолданысқа енгізіп, қабылдады [3].

ДСҰ-ға қосылу мақсатында қабылданған заңдар, ДСҰ-ға қосылудан тәуелсіз, Қырғыз Республикасының саудасы мен инвестицияларына әрекеттесетін режимдерді орнату үшін қажет болған еді және олар Қырғызстан үкіметін реформалау бағдарламасының мақсат-

тарына сәйкес келеді. Осы тұрғыдан, ДСҰ-ға кіру ұқсас заңнаманы екі рет өңдеуді болдырмау үшін жақсы мүмкіндікке айналды.

ДСҰ-ға қосылу шектеріндегі тағы бір аса маңызды жағымды жағдай саудада техникалық кедергілер бойынша Келісімді және осы жерден туындайтын Қырғыз Республикасы үшін оңтайлы нәтижелерімен бірге орындау болып табылады. Атап айтқанда, Қырғызстанның техникалық реттеу негіздері туралы заңы өңделініп, қолданысқа енгізілген болатын. Белгілі болғанындай, қазіргі уақытта Қырғызстанның осы саладағы заңнамасында көптеген кедергілері бар.

Қырғызстан ДСҰ-ға алғашқы болып қосылған Орталық Азиядағы жалғыз ғана мемлекет болып табылса да, мемлекет тікелей шетел инвестицияларын тартуда және экспорттық мүмкіндіктерді ұлғайтуда үлкен қиыншылықтарға тап болуда. Бұл, негізінен, сыртқы кедергілердің, сонымен бірге инвестицияларға кедергі келтіретін шектен тыс реттеу жүйемен байланысты ішкі кедергілердің әсерінен болды. Оның үстіне, елде жеке сектор инвестицияларына арналған экономикада шағын немесе қолдауы жоқ мемлекеттік кәсіпорындардың үлесі әлі күнге дейін жоғары.

Қырғызстан экспорттық бәсекеге қабілеттілікті қолдау үшін тек тарифтер мен преференциалды сауда концессияларын ғана жүгіне алмайды. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті жабдықтаушы болу үшін Қырғызстан өзінің экспорттық өнімінің сапасын жақсартуы тиіс. Жаңа өнімдер шығарып, жаңа нарықтарды зерттеу керек. Оған қосымша, Қырғызстан өндірістік және саудалық дамуды қолдау үшін құрал-жабдықтар тарапынан, сондай-ақ бағдарламалық қамсыздандыру тарапынан да инфрақұрылымды дамытуы тиіс. Бағдарламалық қамсыздандыру тарапынан экономиканы басқаруды, адам ресурстарын дамыту және индустриалды дамытуды атап өту керек.

Қырғызстанның бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтатын негізгі фактор саудаға ұлттық әрекеттесу жүйесі болып табылады. Саудаға әрекеттесудің тиімді жүйесі елдің сауда мүмкіндіктерін сақтауда аса маңызды компонент болып табылады (әсіресе, теңізге шығуы жоқ Қырғызстан үшін). Тиімді сауда одан да арзан импорт түрінде жағымды нәтижелерге

қол жеткізеді (бұл қолданыстағы саудалық дисбалансқа байланысты мәселелерді ішінара жеңілдетеді). Сонымен қатар ол одан да төмен инфляцияға және соның салдарынан, одан да төмен жалақы мен өндіріс құнына алып келеді.

Елдің ДСҰ-ға мүшелік ету дәлелінің өзі автоматты түрде тиімділіктерді алуды кепілдемейді, оларды іске асыру бірқатар шарттарға тәуелді болып келеді, олардың көбісіне Қырғызстан дербес түрде маңызды әсер ете алмайды. Дегенмен, ұйымға Қырғызстанның негізгі сауда серіктестері – Қазақстан, Өзбекстан мен Ресейдің қосылғанынан кейін, жоқ дегенде осы елдердің ДСҰ-ға мүшелігі елдердің сауда саясатындағы күтпеген өзгерістерден сақтану мүмкіндігін беріп, дауласулар мен қақтығыстарды ДСҰ-да қолданылатын процедуралар көмегімен шешуге қол жеткізетін жағдай өзгеруі мүмкін [4].

Қырғызстанның ДСҰ-ға жылдам қабылдануының жағымсыз салдары ретінде Қырғызстанның ДСҰ-ға кіру шарттарын жеткіліксіз өңдеуі болды. Қырғызстан басшылығы мемлекет үшін дамып келе жатқан мемлекет мәртебесін алдын ала ескертпеді, бұл оларға ашылатын преференцияларды қолдана алмауына алып келді. Соның салдарынан, елге дамыған мемлекеттің өте ауыр және қатаң міндеттемелері қабылданған болатын, шын мәніне келгенде, Қырғызстан ешбір уақытта ондай мемлекет болмады.

Қырғызстанның ДСҰ-ға асығыс кіруінің өзге салдары ретінде – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД), Кедендік одағы (КО) (ЕурАзЭЖ) және Орталық Азиялық экономикалық қоғамдастығы (ОАЭЖ) бойынша дәстүрлі серіктестерімен қатынастарының қарқынды нашарлауы болды. Осының арқасында, Қырғызстан аталмыш интеграциялық бірлестіктер ішінде нақтылы алшақтықта қалды. Бұл қатысушы-елдер үшін нарықты Қырғызстаннан келетін әлдеқайда арзан тауарлардан қорғаумен, сонымен бірге Қырғызстанның ДСҰ және ЕурАзЭЖ-та қабылдаған міндеттерінің күрделі қарама-қайшылықтарымен шартталған болатын.

Кеңес одағының құлдырағанынан кейін жаңа мемлекеттердің алдында екі негізгі міндет пайда болды:

– біріншіден, өздерінің саяси және экономи-

калық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті институттарды құру арқылы өзінің тәуелсіздігін бекіту;

– екіншіден, ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді интеграцияның императивімен халықаралық саяси және экономикалық құрылымдарға үйлестіру.

Сонымен қоса, елдер топтарының қызығушылықтары бойынша интеграциялау үдерісі – аймақтандыру үдерістері белсенді түрде тарала бастады. Аймақтандыру үдерістері, қатысушы-елдердің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында жабық экономикалық топтамаларды құра отырып, ұлғайып келе жатқан ғаламдануға қарама-қарсы келмейді, себебі осы үдерістің құрамдастары – капитал мен өндірістің интернационалдандыруы, өндіріс факторларының трансшекаралық ауысуы, саудалық, технологиялық, мәдени алмасудың тереңдеуі мен өсуі – интергациялық топтамалар шектерінде ең қарқынды жүреді.

Қырғызстанның осы экономикалық ұйымға кіруі керек пе, керек емес пе еді, осы қосылу мемлекетке не берді, ДСҰ-ға мүшелік етуден республикада қандай тиімділіктер мен жағымсыз жақтар болды деген пікірталастар қоғамда жалғасуда [2].

Барлық сарапшылар Қырғызстанның ДСҰ-ға қосылуы қажеттілік болды деген бірегей пікірді ұстанады. Мәселе басқада – республика аталмыш атағы бар халықаралық ұйымға мүшелік етуден ашылған мүмкіндіктер мен артықшылықтарды қалай пайдалана алғанын анықтауда болып табылады.

ДСҰ-ға қосылғаннан кейін Қырғызстан экономиканы терең дағдарыстан шығару үшін негіз болған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін экономикалық даму мен құқықтық базаның мүлдем жаңа үлгісіне ие болды. Алайда бұл кезде Қырғызстан ДСҰ-ға ерте қосылудың барлық артықшылықтарын толық мөлшерде пайдалана алмады, экспорттық әлеуетті, инновациялық және инвестициялық тартымдылықты дамыту үшін ДСҰ-ның құралдарын іске қоса алмағанын айта кету керек [5].

ДСҰ-ға қатысу – бұл тұрақты дамудың тек бір ғана құралы: өзіндік қолдау болып табылады, алайда ол экспортты ұлғайтудың, технологияларды дамытудың, инвестициялардың ағылып келуінің, экономикалық өсу мен өмір

сүрү шарттарының жақсару кепілі емес.

ДСҮ-ға мүшелік ету, жалпы алғанда, Қырғызстан экономикасы, атап айтқанда, оның бөлек секторларына қалайша әсер еткені, мемлекеттің әлемдік экономика мен сауда жүйесіне интеграциялау міндеті қалай іске асырылғандығы туралы мәселелерді сауданы және кедендік реформаны либерализациялау жөніндегі USAID Аймақтық жобаның тапсырысы бойынша өткізілген арнайы зерттеу нәтижелері бойынша СИАР зерттеу-консалтингтің есебінде ұсынылды [1].

СИАР сарапшылары, Ұлттық есептеу комитетінің деректеріне, сондай-ақ республикалық бизнес өкілдерін интервьюлеу мен сұрақ-жауап алу негізінде Қырғызстан экономикасының төрт саласына: жеміс-жидек өнімін қайта өңдеу, банктер, телекоммуникация және тігін өнеркәсібінің талдауын жасады.

Зерттеушілердің пікіріне сәйкес, жеміс-жидек өнімін қайта өңдеу саласындағы барлық жағымсыз және оңтайлы беталыстар ішкі факторлармен – халық сұранысының ерекшеліктерімен, өндірушілердің әлсіз маркетингтік жұмысымен, кәсіпорын басшыларының нарықтық сауатсыздығымен, осы кәсіпорындарда стратегиялық талдау мен жоспарлаудың болмауымен шартталған.

Сол себептен, осы кәсіпорындардың басым көпшілігінің көрсеткіштері жылдан-жылға нашарлауда, олардағы өндірістік қуаттылықтар толығымен іске қосылмаған, құрал-жабдықтар жаңартылмайды десе де болады. Салада ірі болып саналатын кейбір кәсіпорындар, өздерінің өнімдерін тіпті бөлшектеп өткізеді, бұл олардың өндірісінің шағын ауқымдар туралы куәландырады. Қырғызстандағы жемістер мен жидектерді қайта өңдеудің осындай маңызсыз көлемдерінің себебі ретінде СИАР сарапшыларының пікіріне сәйкес қайта өңдеу кәсіпорындарындағы қаражаттарының жеткіліксіздігі, моральдық және физикалық ескірген құрал-жабдықтар мен технологияларды пайдалану, сапаны бақылаудың жетілмеген жүйесі, шикізатты өндірушілер мен қайта өңдеушілер арасында тұрақты байланыстардың болмауы кіреді. Және бұл кезде, Қырғызстан экологиялық таза жеміс және жидек мәдениеттерін өсіру бойынша үлкен әлеуетке ие болып келеді [1].

Қолда бар қуаттылықтарды тиімді пайда-

ланған кезде бір жылда 40 мың тоннаға дейін жемістер мен жидектерді, 10 мың тонна жүзімді, 110 мың тонна томатты қайта өңдеуге болады. Алайда, саланың экономикалық әлсіздігі шикізатты сусындар өндірісінің одан да тиімді өндірісін қайта бөлуге алып келді, ол соңғы 10 жылда 4,7 есеге ұлғайды. Сонымен бірге саладағы мәселелер жеміс-жидек консервіленген өнімінің импорты 2000-2009 жж. аралығында сегіз есеге ұлғайғанына, ал оның экспорты – екі еседен төменге алып келді.

ДСҮ-дағы мүшелік етуді барынша пайдалану үшін сарапшылар крестьяндық шаруашылықтардың бөлектенуі мен ауыл-шаруашылық сауатсыздығын жоюды, өнім сапасын жоғарылатуды, жеміс-жидек өндірісінің инфрақұрылымын дамытуды, сондай-ақ агроқалыптастыруды оған қайта өңдеу және қызмет көрсету ұйымдарын қосумен агроөнеркәсіпті дамыта отырып, кешендегі кооперация мен интеграцияны кеңейтуді ынталандыруды ұсынады.

СИАР зерттеушілері Қырғызстанның ДСҮ-ға мүшелік етуінен банктік секторға жағымды жақтарын да атап өтеді. Олардың пікірінше, Қырғызстан ДСҮ шеңберінде өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындап отырды. Сонымен қоса либералды заңнамасы қабылданып, инвестициялық қызметте ең жағымды жеңілдік режимі дамытылды, соның қатарында, ДСҮ-ға мүшелдерден келетін инвесторлар үшін де, соның арқасында мемлекеттің банктік секторы елеулі деңгейде ашылды [1].

Бұл туралы сауданы либерализациялау және кедендік реформа жөніндегі USAID жобасының басшысы Рахат Токтоналиев «Қырғызстан ДСҮ-ның 7-ші министрлік конференциясының алдында» тақырыбымен өткен дөңгелек үстелінде айтып кетті. Оның айтуынша, мемлекеттің ДСҮ шектеріндегі банктік қызметтер саласындағы міндеттері банктік реттеудегі алдын ала болжамдылықты нығайтты, бұл халықаралық инвесторлар үшін айтарлықтай маңызды болып келеді. Елдің ДСҮ-ға қосылу нәтижесінде республиканың нарығын либерализациялау банктік секторға шетел капиталының ағылып келуіне әрекеттесті [7].

Сол уақытта зерттеушілер елдің банктік секторы ұлттық экономиканың дамуында аса

маңызды орын алатынын айта кете, «науқас» экономикада сау қаржылар бола алмайтынына және сол себептен, банк секторының дамуы экономикадағы нақты секторы мен оның табыстылығының тұрақты дамуынсыз қамтамасыз етіле алмайтынына назар аударады. Қырғыз экономикасында коммерциялық банктердің орнын адекватты бағалап, ең бастапқы кезекте, нақты сектордың дамуын онымен орта және ұзақ мерзімді әлеуеттерді байланыстыра отырып, басшылыққа алу керек.

Телекоммуникация секторына талдау жасай отырып, сарапшылар келесідей қорытындыға келді: ИКТ-секторын ДСҰ-ға кірусіз де дамытуға болады. Оның үстіне, ДСҰ-ға қосылуға қарамастан, саладағы реттеу механизмдері кейбір бағыттар бойынша әлі мөлдір емес болып қалуда, сондықтан ДСҰ-ға кіру телекоммуникация нарығының динамикалық дамуының қажетті шарты болып табылмайды.

Телекоммуникация нарығы әрқашан да ірі инвесторлар үшін тартымды болған еді. Қырғызстанда ұялы байланыс нарығы таяудағы уақытта қанығу кезеңіне жетеді және оның әмбебаптануы телекоммуникация нарығындағы өзге қатысушылардың стагнациясына алып келеді. Қазірдің өзінде ұялы байланыс операторлары байланыс қызметтерінің тәжірибелі барлық түрлерін ұсынады.

Зерттеушілердің бағалаулары бойынша, тіркелген байланыс нарығы соңғы жылдары тұрақты болып қалуда және оны либерализациялау бойынша ДСҰ-ның талаптарын орындауға қарамастан, нарықтың даму динамикасы жоғары емес деңгейде болып қалуда. Сарапшылардың болжамдарына сәйкес, пайдаланушылар санының өсуі орта мерзімді әлеуетте жоғары емес болып қалады. Нарықта тарифтік реттеу сақталынуда, ол нарықтық механизмдерді толық мөлшерде енгізуге қол жеткізбейді [4].

Қырғызстанның ДСҰ-ға қосылуынан болған жағымсыз әсері біршама дәрежеде интернет-қызметтері нарығының дамуында көрінді, оның ары қарайғы дамуы, негізінен, ұялы байланыс абоненттері арасында қосымша қызметтердің енуін ұлғайту есебінен жүретін болады.

Сонымен бірге СИАР мамандары Қырғызстандағы жеңіл өнеркәсіптің үш сектор

ішіндегі: маталар өндірісі, дайын тігін бұйымдарын шығару және трикотажды өндіруді жетік зерттеді. Нәтижесінде олар Қырғызстанның ДСҰ-ға енуінен кейін оның маталар өндірісіне болған әсері айтарлықтай әсер етпеді деген қорытындыға келді.

Жалпы алғанда, тоқыма өнеркәсібі де, тігін және трикотаж салаларын қоспағанда, бірнеше жылдар бойы құлдырауда. Қазіргі уақытта, маталар өндірісі мемлекеттің текстильдік және тігін салаларының дамуында маңызды орын алмайды. Маталар өндірісінің жандануы өте елеулі ірі инвестицияларды талап етеді және ол инвестициялардың ақталатындығы туралы сұрақ өте күрделі күдіктерді туындатады. Ерекше жағдайларды есепке алғанда, елдің ДСҰ-ға қатысу кезеңі ішінде инвестициялардың осы өндіріске өсуі болған жоқ.

Тігін өнеркәсібін талдай отырып, зерттеушілер келесідей жағдайды байқады: республикадағы тігін өнеркәсібінің салыстырмалы тұрақты әрі сәттілікті дамуы елдің ішкі нарығына Қытайдан, Түркия мен өзге елдерден арзан маталардың ағылып келуінің арқасында мүмкін болды, ол кезде жергілікті маталар өндірісі құлдырау үдерісінде болып, олар импортпен бәсекеге түсе алмады. Осындай қол жеткізімді шикізатсыз елдің тігін өнеркәсібі соншалықты жоғары қарқынмен дами алмас еді. Алайда бұл елдің ДСҰ-ға кіруінен тәуелділігі төмен болды, себебі сауданы либерализациялауға жасалған бағыт, ішкі нарықты ашу одан да ерте кезеңде, ұйымға қосылуға дейін қабылданған болатын. Дегенмен, ДСҰ-ға қосылу осы бағыттың бекітілуін қамтамасыз етті, бұл сыртқы сауда саясаттың тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етті.

Шекараны, ішкі нарықты ашу және сауданы либерализациялау тігін өнеркәсібі өндірісі көлемдерінің өсу қарқындарын маңызды дәрежеде жылдамдатты, ол өткізу нарықтарын жоғалтуға, айналым капиталының жетіспеушілігіне, жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтардың болмауына байланысты қиыншылықтарды былай да игере алар еді, алайда осыған республиканың ДСҰ-ға кірген кездегіден анағұрлым кеш мерзімде болушы еді [6].

Трикотаж бұйымдары өндірісінің секторын зерттей келе, сарапшылар трикотаж бұйымдары

кыргыз экспортының құрылымында әзірге маңызды бап болып табылмайтынын атап өтті. Трикотаж бұйымдары өндірісінің секторын зерттей келе, трикотаж бұйымдарының экспорттық әлеуеті бар болғанына қарамастан, сарапшылар трикотаж бұйымдары Қырғызстан экспортының құрылымында әзірге маңызды бөлім болып табылмайды және ресми статистикаға сәйкес, олар тігін саласында жеткізудің 10 пайызын құрайды деген пікірге келді.

Сонымен, Қырғызстан ДСҰ-ға алғашқы болып қосылған Орталық Азиядағы жалғыз ғана мемлекет болып табылса да, мемлекет тікелей шетел инвестицияларын тартуда және экспорттық мүмкіндіктерді ұлғайтуда үлкен қиыншылықтарға тап болуда. Бұл, негізінен, сыртқы кедергілердің, сонымен бірге инвестицияларға кедергі келтіретін шектен тыс регулятивтік жүйемен байланысты ішкі кедергілердің әсерінен болды. Оның үстіне, елде жеке сектор инвестицияларына арналған экономикада шағын немесе қолдауы жоқ мемлекеттік кәсіпорындардың үлесі әлі күнге дейін жоғары.

Қырғызстан экспорттық бәсекеге қабілеттілікті қолдау үшін тек тарифтер мен преференциалды сауда концессияларына ғана жүгіне алмайды. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті жабдықтаушы болу үшін Қырғызстан өзінің экспорттық өнімінің сапасын жақсартуы тиіс. Жаңа өнімдер шығарып, жаңа нарықтарды зерттеу керек. Оған қосымша, Қырғызстан өндірістік және саудалық дамуды қолдау үшін құрал-жабдықтар тарапынан, сондай-ақ бағдарламалық қамсыздандыру тарапынан да инфрақұрылымды дамытуы тиіс. Бағдарламалық қамсыздандыру тарапынан экономиканы басқаруды, адам ресурстарын дамыту және индустриалды дамытуды атап өту керек [8].

Қырғызстанның бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтатын басқа негізгі фактор саудаға ұлттық әрекеттесу жүйесі болып табылады. Саудаға әрекеттесудің тиімді жүйесі елдің сауда мүмкіндіктерін сақтауда аса маңызды компонент болып табылады (әсіресе теңізге шығуы жоқ Қырғызстан үшін). Тиімді сауда одан да арзан импорт түрінде жағымды нәтижелерге қол жеткізеді (бұл қолданыстағы саудалық

дисбалансқа байланысты мәселелерді ішінара жеңілдетеді). Сонымен қатар ол одан да төмен инфляцияға және соның салдарынан, одан да төмен жалақы мен өндіріс құнына алып келеді.

Бұл дегеніміз материалдар импорты мен экспорттық секторларға салынатын салымдардың одан да арзандарына экспортты алып келіп, құны тұрғысынан бәсекеге қабілетті етеді. Оған қоса, тиімді сауда экспорттық тауарлардың жылдам әрі сенімді қозғалуын білдіреді. Бұл әлемдік нарықтағы бәсеке қабілеттілік үшін маңызды. Сөйтіп, тиімді сауда артық құжаттама және өзге кедергілердің әсерінен қиындықсыз Қырғызстан экономикасын елеулі түрде жақсартады.

Жалпылай алғанда, Қырғыз тәжірибесінің ДСҰ-ға мүшелігіндегі эксперименті аймақ мемлекеттеріне өзіндік экономикалық даму дәрежесіне сай сыртқы басым қадамдарда тиянақты болуды көрсеткендей. Сонымен қатар аймақ қауіпсіздігінің де қазіргі уақыттағы сыртқы тарап арқылы қамтамасыз етілу жағдайы да геоэкономикалық мәселелердегі ашықтыққа бармау талаптарын тудырғандай.

Әдебиеттер

- 1 Отчет Исследовательско-консалтингового агентства СИАР по заказу Регионального проекта USAID по либерализации торговли и таможенной реформе. – 2010. – С. 29.
- 2 Джумалиев М. Опыт Киргизии во Всемирной Торговой Организации. Седьмой Евразийский Бизнес Саммит. Франция. 5-6 июня 2006. – С. 274.
- 3 Бияров М. Отдельные вопросы вхождения Киргизии в ВТО. – Алматы: Экономика, 2000. – С.144.
- 4 Мантусов В.Б., Мишаков С.С. Страны СНГ в ВТО: процесс вступления, проблемы, перспективы. – М.: Научная книга. 2004. – С.119.
- 5 Князев А.А. Интеграционные проекты и геополитическое соперничество в Центральной Азии // Проекты сотрудничества и интеграции для Центральной Азии: сравнительный анализ, возможности и перспективы / под ред. А.А. Князева. – Бишкек.: Изд. дом Кыргызстана, 2009. – С. 411.
- 6 Асанова А. Трамплин на мировой ры-

нок: Внешнеторговая политика Кыргызстана в системе ВТО // Рынок капиталов Кыргызской Республики. – 2002. – №11. – С.32-34.

7 Токбаева А. Членство Киргизии в ВТО:

подводя итоги, размышляя о перспективах // Бизнес-Киргизия от 05.10.2009. – С. 8-9.

8 Андрюшина Е. Это сладкое слово ВТО // Континент. – 2007. – №10. – С. 12-13.

Л.Т. Исова, С.Б. Джуматаев

Возможности и вызовы членства Кыргызстана в ВТО как практика предпосылок геоэкономической безопасности Центральной Азии

В данной статье рассматриваются возможности и вызовы членства Кыргызстана в ВТО как практика предпосылок геоэкономической безопасности Центральной Азии. Содействие формированию эффективной экономики путем привлечения иностранных инвестиций, интеграции Кыргызской Республики в мировое и региональное хозяйственное пространство, а также с учетом вступления Кыргызстана во ВТО, обеспечение экономической безопасности являются важнейшими направлениями внешнеэкономической политики не только этой страны, но и всего региона.

Ключевые слова: Всемирная торговая организация, Центральная Азия, геополитика, геоэкономика, безопасность, реформа, инфляция, инфраструктура, интеграция, импорт, экспорт, СНГ, Таможенный Союз.

Issova L.T., S.B. Dzhumataev

Opportunities and challenges of membership of Kyrgyzstan in the WTO as the practice premises geo security in Central Asia

This article discusses the opportunities and challenges of membership of Kyrgyzstan in the World Trade Organization as the practice premises geo security in Central Asia. Promoting an efficient economy by attracting foreign investment, integration of the Kyrgyz Republic in the global and regional economic space, as well as the accession of Kyrgyzstan to the World Trade Organization, economic security are the most important areas of foreign policy, not only of this country, as well as the entire region.

Keywords: World Trade Organization, Central Asia, geopolitics, geo-economics, security, reform, inflation, infrastructure, integration, import and export, the Commonwealth of Independent States, the Customs Union.